

**«ҚАЗПОЧТА» АҚ-НЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР
КОМИТЕТІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕСЕП**

«Қазпочта» АҚ-ның Директорлар кеңесі

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл

Аудит және тәуекелдер комитетінің 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

1. Директорлар кеңесі Аудит және тәуекелдер комитетінің қызметін ұйымдастыру

Осы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) 2021 жылғы қызметі туралы есеп «Қазпочта» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексіне, «Қазпочта» АҚ-ның Жарғысына, «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитеті туралы Ережеге сәйкес, сондай-ақ ұсынымдарды және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін ескере отырып, дайындалды.

Комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 қазандағы шешімімен (№10/19 хаттама) бекітілген «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитеті туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет қызметінің мақсаты мынадай мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдер сапасын арттыру болып табылады:

1) Қоғамның қаржылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін орнату (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы, дұрыстығы және сапасы);

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету;

3) сыртқы және ішкі аудит процесінің тәуелсіздігі мен тиімділігін бақылау;

4) Қоғамда корпоративтік басқаруды жетілдіру;

5) тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді, қаржылық емес ақпарат пен есептіліктің сапасын бақылауды жүзеге асыру;

6) Комитеттің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Комитетте қарауға ұсынған өзге де мәселелер.

Аудит және тәуекелдер комитеті Қоғамның қаржылық есептілігі, ішкі бақылау және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және есепке алу процестерінің тиімділігін талдауға жауапты болып табылады. Комитет сондай-ақ Қоғамның қаржылық ақпараты мен шоғырландырылған қаржылық есептілігінің сапасын бақылауды жүзеге асырады, аудит мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметі мен Комплаенс-бақылау қызметі жұмысының рөлі мен тиімділігін бақылайды.

Қоғамның Жарғысына сәйкес, Комитеттің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

2020 жылғы 28 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Қоғамның тәуелсіз директоры Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич Комитет төрағасы болып табылады.

Тәуелсіз директор Комитет төрағасы болатын практика Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасы болып табылады.

2021 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі Комитет құрамын келесідей өзгертті:

1-кесте. Комитеттің 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі құрамы:

Комитеттің аудит бойынша құрамы			
№	Т.А.Ә.	Лауазымы	-дан бастап Комитет мүшесі:
1	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің	2020 жылғы 28 қазаннан бастап

		төрағасы - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	қазіргі уақытқа дейін
2	Жандосов Ораз Әлиұлы	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің мүшесі - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2020 жылғы 5 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің мүшесі - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2020 жылғы 28 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін

2021 жылғы 01 қыркүйекте Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 55-бабы 4-тармағында қарастырылған тәртіппен, Тәуелсіз директор Ораз Әлиұлы Жандосовтың өкілеттігі оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2021 жылғы 28 қазанда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасының №49/21 шешімімен «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы белгіленді.

Осыған байланысты, 2021 жылғы 05 қарашада Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№11/21 хаттама) Комитеттің сандық құрамына 3 жаңа адам қосылып, сондай-ақ жаңа құрам анықталды:

2-кесте.

Комитеттің аудит жөніндегі құрамы (2021 жылғы 05 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейінгі жағдай бойынша)			
№	Т.А.Ә.	Лауазымы	-дан бастап Комитет мүшесі:
1	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің төрағасы - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін
2	Нөгербеков Серік	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің мүшесі - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің мүшесі - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін

Директорлар кеңесі Аудит және тәуекелдер комитетінің 2021 жылғы қызметі

2020 жылғы 09 желтоқсанда Комитет 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

2021 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 6 бетпе-бет отырыс өткізді. Комитет 47 мәселені қарап, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді. Есепті кезеңде Комитет отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстары бетпе-бет өтті: оның ішінде 5 отырыс - онлайн форматта, ал 1 отырыс - офлайн форматта (2021 жылғы 06 желтоқсанда Алматы қаласында).

Қаржылық есептілік мәселелері бойынша Комитет мынадай мәселелерді талқылап, қарастырды, сондай-ақ ұсынымдар берді:

1. Алдын ала аудиторлық қорытынды мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен кездесу.

2. «Қазпочта» АҚ-ның 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы, «Қазпочта» АҚ-ның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және «Қазпочта» АҚ-ның бір қарапайым акциясына есептегенде жыл ішіндегі дивидендтердің мөлшері туралы, сондай-ақ «Қазпочта» АҚ-ның Жалғыз акционерінің «Қазпочта» АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері туралы ақпаратты қарастыру және оларды 2020 жылы қарау қорытындылары туралы;

3. Қазпочта АҚ-ның 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу нәтижелері бойынша Басшылыққа жолданған хатты қарау туралы;

4. 2021 жылғы 6 айдағы қаржылық есептілікке шолуды қарау туралы (сыртқы аудиторлармен кездесу);

5. Аудиторлық жоспарлау мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен кездесу.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің мәселелері талқыланып, қаралды, сондай-ақ келесі мәселелер бойынша ұсынымдар берілді:

1. «Қазпочта» АҚ ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы ақпаратты және оны жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды қарау туралы;

2. «Қазпочта» АҚ-ның 2021 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша, 2021 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша, 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша және 2021 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша тәуекелдері туралы есептерді қарау туралы;

3. «Қазпочта» АҚ-ның 2022 жылғы тәуекел шегі туралы тәуекелдерді, сапалы өтініштерді санаттары бойынша бөлшектеп байланыстырумен ақшалай түрдегі тәуекел шегін бекіту туралы.

Сыртқы аудит мәселелері бойынша.

Комитет 2021 жылы аудиторлық жоспарлау, жылдық қаржылық есептілікті және оның нәтижелерін дайындау бойынша сыртқы аудиторлармен төрт кездесу өткізіп, келесі мәселелер қаралды:

1. Алдын ала аудиторлық қорытынды мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен кездесу.

2. «Қазпочта» АҚ-ның 2020 жылға арналған Жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;

3. 2021 жылғы 6 айдағы қаржылық есептілікке шолуды қарау туралы (сыртқы аудиторлармен кездесу);

4. Аудиторлық жоспарлау мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен кездесу.

5. «КПМГ Аудит» ЖШС-ның 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелеріне берген ұсынымдары бойынша іс-шаралар жоспарының және «КПМГ Аудит» ЖШС-ның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелеріне берген ұсынымдары, 2020 жылдың қорытындылары, 2021 жылғы төрт айдың қорытындылары, 2021 жылғы алты және тоғыз айдың қорытындылары бойынша жасалған іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті қарау туралы.

Бұдан басқа, Комитет жылына кемінде бір рет атқарушы басшылықтың қатысуынсыз сыртқы аудиторлармен кездесу өткізеді.

Ішкі аудит мәселелері бойынша Комитет келесі мәселелерді егжей-тегжейлі қарады:

1. «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің стратегиясын бекіту туралы.
2. «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің кадр мәселелері туралы (жыл ішінде бірнеше рет).
3. «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылғы 4-тоқсандағы және 2020 жылғы есебін, сондай-ақ «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының 2021 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша орындалуын мониторингілеуді қарау туралы.
4. 2021 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары, 2021 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары, 2021 жылғы 3-тоқсанның қорытындылары бойынша аудиторлық есептерді қоса алғанда, «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есепті қарау, сондай-ақ «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау туралы;
5. «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022 жылға арналған жылдық жоспарын бекіту туралы;
6. «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметі мен оның басшысы қызметінің 2022 жылға арналған Негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы.

2021 жылдың басынан бастап Комитет **комплаенс-бақылау мәселелерін қарауға ерекше назар аударды, осылайша мынадай мәселелер қаралды:**

1. «Қазпочта» Комплаенс-бақылау қызметінің есептерін қарау туралы (2020 жылғы 4-тоқсан үшін, 2021 жылғы 1-тоқсан қорытындысы бойынша, 2021 жылғы 2-тоқсан қорытындысы бойынша, 2021 жылғы 3-тоқсан қорытындысы бойынша);
2. «Қазпочта» АҚ Комплаенс-бақылау қызметінің кадр мәселелері туралы;
3. «Қазпочта» АҚ Комплаенс-бақылау қызметінің 2022 жылға арналған жылдық жоспарын бекіту туралы;
4. «Қазпочта» АҚ Комплаенс-бақылау қызметі қызметкерлері қызметінің 2022 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша Комитет мынадай мәселелерді қарастырды:

1. «Қазпочта» АҚ-ның 2020 жылғы жылдық есебін (тұрақты даму жөніндегі есепті қоса алғанда) бекіту туралы;
2. «Қазпочта» АҚ-ның 2020-2026 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2020 жылғы орындалуы туралы есепті қарау туралы.
3. «Қазпочта» АҚ-ның 2019-2025 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2021 жылғы 1-тоқсандағы орындалуы туралы есепті қарау туралы.
4. «Қазпочта» АҚ-ның 2021 жылдың алты айының қорытындысы бойынша Тұрақты дамуы туралы есепті қарау туралы;
5. «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша есебін қарау туралы.

Сондай-ақ, Комитет 2021 жылы мынадай **ішкі нормативтік құжаттарды** қарап, Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынғанын атап өткен жөн:

1. «Қазпочта» АҚ-ның қаржы нарығындағы ақшасын инвестициялау саясатын және «Қазпочта» АҚ-ның Қазынашылық портфелінің негізгі параметрлерін бекіту туралы;
2. Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 8 ақпандағы шешімімен (№01/19 хаттама) бекітілген, «Қазпочта» АҚ-ның коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратын айқындау және қорғау туралы қағидаларға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.

Бұдан басқа, 2021 жылы Комитет мүшелерінің бастамасы бойынша мынадай мәселелер қаралды:

1. Colvir АЖ кірістері мен дебиторлық берешегінің дұрыс көрсетілуі туралы ақпаратты қарау туралы;
2. «Documentolog» АЖ қызметі туралы ақпаратты қарау туралы;
3. БҚОФ Бәйтерек АПББ Дәрия АПББ-де жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша «Жалпы қызмет көрсету орталығы» филиалының ревизия және бақылау басқармасының есебін қарау туралы;
4. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жүргізген «Қазпочта» АҚ активтерін басқару тиімділігінің мемлекеттік аудиті қорытындыларын қарау туралы.

3-кесте. Комитеттің 2021 жылғы отырыстары:

Аудит және тәуекелдер комитеті мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы				
№	Т.А.Ә.	Бір жылдағы барлық отырыстар (саны)	Жыл ішіндегі отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
1	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	6	6	100
2	Жандосов Ораз Әлиұлы	4	4	100
3	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	6	6	100
4	Нөгербеков Серік	2	2	100

Комитет төрағасы Бахтиёр Эшонкулов сыртқы аудиторлармен, Қоғам Басқармасының мүшелерімен, Корпоративтік хатшымен, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс-бақылау қызметінің басшыларымен, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен тұрақты негізде онлайн кездесулер өткізді.

2. Аудит және тәуекелдер комитетінің алдын ала кеңестер өткізуі

Корпоративтік басқарудың ең үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес, Комитет отырысын өткізу алдында Комитет мүшелерінің менеджментсіз алдын ала кездесулері (пре-митингілер) өткізілгені жағымды жағдай болып табылады. Нәтижесінде, Комитетке ұсынылған барлық мәселелерді аудиторлық процесті мұқият қадағалау және қаралатын мәселелердің күшті және әлсіз жақтарын анықтау мақсатында, Төраға, мүшелер, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс-бақылау қызметінің төрағалары алдын ала талқылады.

3. Директорлар кеңесі Аудит және тәуекелдер комитетінің қызметін бағалау

Комитеттің 2021 жылғы қызметін бағалауды Қоғамның комитеттері мен Директорлар кеңесінің қызметін Корпоративтік басқару диагностикасы аясында PWC компаниясы жүргізді. 2021 жылғы бағалау нәтижелері Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы отырысында қаралатын болады. Бағалау қорытындысы бойынша Комитет қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданады.

4. Қорытынды

Комитет 2021 жылы Комитет туралы Ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес мақсаттарын, тапсырмалары мен функционалдық міндеттерін толық көлемде орындады. Комитет бақылау ортасында іргелі рөл атқарады және Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге нақты үлес қосады.

Комитет отырыстары күн тәртібінің барлық мәселелерін Комитет егжей-тегжейлі қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақты және тыңғылықты ұсынымдар берді.

Комитет жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның корпоративтік басқару жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты Жалғыз акционердің болжамдарына сәйкес келетінін атап өткен жөн.